

«Ауғанстан жүректегі жара» атты кездесу

Жылма – жыл ақпан айының ортасында біз ауған соғысында қаза тапқан жауынгерлерді еске алып, олардың рухтарының алдында бас иеміз.

Өйткені бұл соғыста өрімдей жас жігіттер жазықсыздан – жазықсыз құрбан болды. Бүгінгі жастар сол кездегі жігіттердің таң алдындағы борышын адал орындағандарын ұқсын, олардың патриоттық сезімінен тағылым алсын деген мақсатпен жыл сайын түрлі деңгейдегі көрмелер, әдеби кештер, мәдени іс-шаралар ұйымдастырылып, көз көргендермен кездесулер өткіземіз, сол бір сұрапыл соғыс болған ХХ ғасырдың 80-жылдарына еріксізден – еріксіз ораламыз.

2015 жылдың 14 ақпанында тәрбие жұмысы бөлімінің бастығы полиция полковнигі Б.Х.Құрманғалиеваның ұйымдастыруымен ауған соғысы ардагерлерімен тағылымы мол кездесу кеші болып өтті. Аталмыш кешке ауған соғысының ардагерлері Пряхин В.А., Жасубиев С.Т., Харченко А.Н., Коваленко А.Н. арнайы келді.

Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы бастығының көмекшісі полиция полковнигі Қ.Ж. Айтқұлов жүрекжарды лебізімен ашылған кездесуді бастады.

Кеш барысында *«Ауғанстан жүректегі жара»* тақырыбында Қ.Ж. Айтқұлов Ауған соғысы туралы сөз қозғады. Кешке шақырылған Ауған соғысының ардагерлері сол сұрапыл соғыстағы ауыртпашылықтарды айта отырып, тыңдаушыларды бейбіт күннің парқын біліп, қастерлеуге шақырды. Әр ардагерге тыңдаушылар ойларында жүрген сұрақтарын қойып, жауаптар алды.

Қ.Ж. Айтқұлов «Өз борыштарын адал атқарған Ауған соғысы ардагерлерінің есімін жас ұрпаққа жеткізу, тарихтан әділетті орын беру бүгінгі күннің маңызды мәселесі. Бейбітшілік үшін күрескен ағалардың ерлігін сақтау, оларды үлгі-өнеге тұту – әрбір азаматтың борышы. Жас ұрпақ бұдан үлгі-өнеге алуы керек» - деп шараның мәні мен маңызына кеңірек тоқталды.

Сондай-ақ, кеш қонақтарына Академия өнерпаздары ән мен жырдан шашу тарту етті. Осындай интернационалдық борышын өтеудегі азаматтардың ерлік жолы өнеге екендігін тыңдаушылар өз өлең жолдарына арқау етті. Іс-шараның соңында, Академия тыңдаушылары ардагерлерге естелік сыйлықтарын сыйға тартты.

**Қазақстан Республикасы ІІМ
Ш.Қабылбаев атындағы
тәрбие жұмысының бөлімі**